

Тауарларды жою актісінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 наурызда № 16459 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 331-бабы 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды жою актісінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 12 ақпандағы
№ 161 бұйрығымен
бекітілген
нысан

Тауарды жою туралы акт

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 11.11.2020 № 1089 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы " __ " _____

1. Осы акт,

№ _____

Тауарларға арналған декларацияға (декларацияларға) сәйкес, мына:

Тауарлардың атауы	ЕЭО СЭҚ ТН бойынша тауарлардың коды	Мөлшері
1	2	3

тауарларды жою кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды жою туралы құрастырылған

2. Жою кедендік рәсімін мәлімдеген тұлға туралы мәліметтер: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), ЖСН (жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін –

аталынуы, БСН))

3. Бұл ретте тауарларды жоюдың мынадай : _____

_____ тәсілдері қолданылды

4. Тауарларды жою орны: _____

5. Тауарларды жою нәтижесінде келесідей қалдықтар пайда болды:

Ұ с а қ қалдықтардың атауы	ЕЭО СЭҚ ТН бойынша ұсақ қалдықтардың коды	Мөлшері және өлшем бірлігі	Ұ с а қ қалдықтардың орналасқан жері	Ұ с а қ қалдықтардың жай-күйі	Олардың одан әрі пайдалану мүмкіндігі
1	2	3	4	5	

6. Жою кезінде қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер:

_____ (жойылатын тауарларға қатысты иелену, қолдану және (немесе) билік ету құқығына ие тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

_____ (колы)

_____ (қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

_____ (колы)

(жою кезінде қатысқан мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

(қолы)

(жою кезінде қатысқан өзге мемлекеттік органдардың сарапшылары не мамандарының
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

(қолы)

7. Тауарларды жою фактісі фото және (немесе) бейнетүсірілімдер қолданыла
отырып тіркелді:

№	Аппараттың атауы	Маркасы	Моделі	Кім жүргізді (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))	Қолы
1					

Ескерту: Жою актісі комиссияның барлық мүшелерінің және қатысқан адамдардың
қолымен расталады, үш данада ресімделеді: бірінші данасы кеден органында сақталады
; екінші данасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық
бөлімшесіне беріледі; үшінші данасы декларантта қалады.

Аббревиатуралардың мағынасын ашу:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқыэкономикалық
қызметінің тауарлық номенклатурасы.